

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.12.2023ж	Сейсенбі 12.12.2023ж	Сәрсенбі 13.12.2023ж	Бейсенбі 14.12.2023ж	Жұма 15.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Міндеті: қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету. «Бақшаға келер жолда...» Мақсаты: бақшаға келер жолда көрген заттар мен құбылыстар туралы өз бетінше айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету. «Қазір жылдың қай мезгілі?» Мақсаты: қойылған сұрақтарға өз бетінше жауап беруге дағдыландыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге дағдыландыру. «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету. «Сикырлы дыбыстар» Мақсаты: тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Сан.«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Дауыстап санау» Мақсаты: дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: заттардың санын ажыратуға үйрету. Үстел үсті ойыны: «Ғажайып тастар» Мақсаты: марблс тастарын санау арқылы санауға қызығушылықтарын ояту. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: сюжетті эмоционалды қабылдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу. «Жеті лақ» Мақсаты: Ертегіні тыңдау, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Міндеті: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ.: «тик-так» Аяқтары алшақ , қолдары белде. «тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Б. Қ.: «иықтың жүруі» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/ Б. Қ.: «ағаштар тербеледі» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «күнге жетемін» Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд) Қорытынды: шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

	өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы: «Ептілікпен секіреміз» Міндеті: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Шеңбер бойымен тұрып: 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: - Жүгіру. - Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кім межеге тез жетеді?» Міндеті: Өр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру Шеңберде: 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - Тура бағытта жүгіру. - Шеңбер бойымен	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: Белгі бойынша жүреміз» Міндеті: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Саппен шеңбер бойлай жүріп: 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - тоқтап жүгіру. - көрсетілген жерге жүгіру. Қимылды ойын: «Тым-тырақай»	

	бірден жүгіру. -Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Қимылды ойын: «Қасқырлар мен лақтар» Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»	жүгіру. -«Жыланша» жүгіру.–Шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»		(музыка) Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен № 6 «Аязды бақылау» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу.	Серуен № 7 «Қыстап қалатын құстарды бақылау» Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыста, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға	Серуен № 8 «Адамдардың қысқы еңбегі» Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру. Тақпақ: Қыстыгүні таңертең, Ерте оянып жас бала. «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға.	Серуен № 9 «Шыршаны бақылау» Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға	

(қоршаған ортамен таныстыру) Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. (дене шынықтыру) Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау	үйрету.(қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту. (дене шынықтыру) Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, мағынасын түсіндіру.	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (дене шынықтыру) Еңбек: Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жазда таудың басында Қыста аяқ астында, Балмұздақтан аумаған Бұл не тағы расында? (Қар) Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту. (көркем әдебиет)	затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. (дене шынықтыру) Еңбек: Ауладағы шырша түптеріне қару. (қоршаған ортамен таныстыру) Мақсаты: Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын, шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру. Жеке жұмыс: Дана нұр, қала нұр. Құтты болсын Жаңа жыл! Жасыл шырша жанында, Билеп барлық бала жүр. Мақсаты: Жаңа жыл кеші шыршасыз өтпейтіні туралы түсіндіру. (көркем әдебиет)	
--	---	---	---	--

	қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.(көркем әдебиет)	балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру.(көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетінің қиымдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықтан тік отыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану ,нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				

Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдануға, ұжымдық құрылыс жасауға үйрету. (құрастыру) Дидактикалық ойын: «Менің шанам» Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден тапсырма бойынша құрастыру. «Суретші қай жерде қателесті?» ойыны «Суретші боламын» Міндеті: өнер туындыларына қызығушылықтарын арттыру (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Дидактикалық ойын: «Ойыншық жасаймын» (құрастыру)	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. «Жоғалған пішіндер» (математика негіздері) Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) «Конструктор» құрылыс ойыны Міндеті: бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру)	Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу «Ыдыстар» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеті: жаңа ғимараттар салу. Мақсаты: бұрын игерген дағдыларды қолданып жаңа ғимараттар салу. (құрастыру)	
Баламен жеке жұмыс	Аянға өзі және отбасы мүшелері туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Сұлтанханға дауысты және дауыссыз дыбыстар басталатын сөздерді айтуға үйрету.	Жомартқа дауысты және дауыссыз дыбыстар басталатын сөздерді айтуға үйрету.	Расулға ойын мен ойын жаттағыулары арқылы сөздік қорын кеңейту.	

Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен № 6 «Аязды бақылау»	Серуен № 7 «Қыстап қалатын құстарды бақылау»	Серуен № 8 «Адамдардың қысқы еңбегі»	Серуен № 9 «Шыршаны бақылау»	
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	